

КӨКШЕДЕ

КІР ЖУЫП, ИТ ШОМЫЛҒАН СУДЫ КІМ ІШЕДІ...



Елден келген Есенбай Көкшетау қаласындағы тұңғыш ұлы Айдарбектің үйінен мейірі қанып бір шай іше алмады. Суы борсыған ба, жоқ, әлде темір тати ма, ол арасын айыра алмай-ақ қойды. Келіннің қабағына қараса, тәп-тәуір. «Сірә, келіннен емес-ау» ойлаған Есенбай үй іші оңаша қалғанда ас үйдегі шәйнектің қақпағын ашып қараса, іші баттасқан тат екен. Екі литрлік су сиятын шәйнекке шамамен бір литр ғана кетуі мүмкін, қалғаны тат.

Таза судан бір мейірін кандырып шай ішпек болған Есенбай су іздеген. Сөйтсе, ол облыс орталығында қасқалдақтың қанындай тапшы болып шықты. Білетіндердің айтуына қарағанда, ел аузында ескі ет комбинаты деп аталатын ауданда, ингуш отбасының үйінде ғана бар екен. Бір ғажабы, әлгі отбасы ауыз суды қала жұртшылығына тегін таратады дейді. Көптен бері тегін деген сөзді естіп көрмеген Есенбай тебіреніп кетті. Көз ұшына келіп қалған мөлдір тамшыны келініне көрсетпей, алаканының сыртымен сүртіп тастады. Баласының ескі көлігіне мініп, дүйім қазақты сумен жарылқап отырған әлгі үйге жол тартты. Рас екен. Ел су алып жатыр. Кезек дегеніңіз сәл ғана әсірелеп айтқан адамға екі шақырым бар-ау. Шелегін, топатайын ұстап тұрған таңдайы кепкен халықпен тілдесті.

(Жалғасы 3-бетте)

ҚЫЛТУЗАҚ

ҒАЛАМТОРДАҒЫ ФЕРМА НЕМЕСЕ МАЙНИНГ АЛАЯҚТАРЫ ДЕГЕН КІМДЕР?

Уақыт талабы талғамды талай електен өткізеді. Сол талғамға сай ебін тапқандар кәсібін дөңгелетеді. Интернеттің иісі мұрнымызға келмеген кезді есіңізге түсіріңізші. Видеотаспа, дискілерді жалға алатын шақтағы қызықтың өзі бір төбе. Ал сол сәттегі сұраныстың тамырын дөп баса алғандар кішкентай бизнесін бүгінде үлкейтіп, миллионерге айналған мысал жетіп артылады. Бірақ қай уақыттың да өз алаяқтары болады. Бұл жолғы әңгімені аудан ақша жасайтын ғаламтордағы шаң жұқтырмас жылпостар төңірегінде өрбітсем.



(Жалғасы 6-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ТАС ҚОРҒАНДАР КӨМЕК СҰРАЙДЫ



материалдық мәдениет заты, бірақ рухани емес. Біздің институт заңнан осы ұғымның алынып тасталуы үшін күресті».

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)

Бауыржан Байтанаев, Ә.Марғұлан атындағы археология институтының директоры, академик:
«Жаңа заң шыққанымен, ешнәрсе өзгерген жоқ. Жағдай тура сол баяғыдай. Ескерткіштердің сақталуы қиын, өзгереді деп те күтпейміз. Олар бүлінуде, нақтырақ айтсақ, бүлдіруде. Жаңа заң жобасын әзірлеушілер өздерінің сауатсыздығынан «сақралды» деген терминді қолданады. Ескерткіш киелі болуы мүмкін емес. Ескерткіш – бұл



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
46,22

DOLLAR
418,64

EURO
494,67

РУБЛЬ
5,52

САЛЫҚ


ҚАРЫЗБЕН КӨШ БАСТАҒАН
ЖАЛПЫ ҚАРЫЗ –
263 МЛН 845 620 ТЕҢГЕ

ОНЫҢ ІШІНДЕ:

Алматы тұрғыны
(көлік салығы) –
11 млн теңге

Ақтөбе тұрғыны
(жер салығы) –
723 мың теңге

Нұр-Сұлтан тұрғыны
(мүлік салығы) –
1 млн 165 мың теңге



Дереккөзі: Мемкіріс кабинеті




168 SAGAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК ҺӘМ ҚОҒАМ



Алдағы аптада Қазақстан Президентінің Жолдауы жарияланады. Президент тура бір жыл бұрын халыққа жол тартқан маңызды, қадау-қадау міндеттерді белгілеп еді. Солардың бәрі жүзеге асты ма?

Бірден айта кетейік, Арыстағы алапат жарылыс, белгілі бір күштердің дем беруімен толастамаған митингілер, Кордайдағы арандату, әсіресе, төтеннен келген пәлекет — тәжкесел стратегиялық мақсаттан гөрі тактикалық міндеттерді дер кезінде шешуді талап етті. Оқыс оқиғалар, әсіресе, пандемия биліктің барлық буыны мен қоғам үшін катал сынға айналды.

БІР ЖЫЛДЫҢ ЖҮГІ

Мықты жағымыз да, осал тұсымыз да осы арада білініп қалды.

Эйтсе де, қысылтаяң сәттерге қарамастан, Жолдаудағы міндеттердің елеулі бөлігі орындалды. Бұл ретте саяси және әлеуметтік блокты бөле-жара айтқан жөн. Қазақстан шын мәнінде азаматтардың өтініші мен талабына, сындарлы сынға құлақ асатын *(орысшадан сөзбе-сөз аударылып жүргендей, естітін емес)* мемлекетке айнала бастады. Президенттің қандай бір елеулі оқиғаға дер кезінде тікелей ұн қатуы, тиісті тапсырма беруі, азаматтардың өтінішін қабылдайтын арнайы бөлімнің құрылуы - сөзімізге дәлел. Осынау он тәсілді енді министрлер мен әкімдер, мекеме басшылары игерсе игі. Эйтпесе, атқамінерге үміт артудан қалған тұрғындардың тікелей Президентке жүгінуі немесе БАҚ-тан көмек сұрауы жалғаса береді.

The show must go on *(Шоу жалғасуа беруі керек)*. Бұл белорус елінде сайлаудан кейін тоқтаусыз өтіп жатқан митингке қатысты айтқан бір сарапшының пікірі. Беларусь еліндегі оқиғалар митинг бір елдің ішкі мәселесі болудан қалып бара жатқанын айғақтайды. Наразылық шарасы әлемдік державалар арасындағы текетірес, сауда соғысы, белгілі бір аймақ үшін ықпал соғысына, бейнелеп айтқанда, «демократия шокпарына» айналып келеді. «Митинг вирусы» бізді де біраз әбігерге салды. Билік азаматтардың өз пікірін еркін жеткізуі жолында түбегейлі өзгерістерді жүзеге асырды. Арнайы заң қабылданды. Ендігі жерде митинг өткізу үшін рұқсат сұрамайды, құлақтандырудың өзі жетіп жатыр. Каланың киыр шетінде емес, орталығында жиналуға болады. Бірақ бәрі заң шеңберінде болуы тиіс. Арандатуға, тәртіпсіздікке жол берілмейді. Бұзақылық әрекетке барғандар, шетелдегі ықпалды жанашырлары ара түссе де, жауапқа тартылады. Айта кеткен жөн, кейбір халықаралық ұйымдар біздегі митингке шетел азаматтарының қатысуын көздейтін бапты енгізуге күш салды. Билік бұл мәселенің мемлекеттің ішкі мәселесі екенін мәлімдеп, оған сырттан ешкімнің араласуына

жол берілмейтінін кесіп айтты. Саяси реформалардан сөз қозғағанда, партияларды тіркеу үшін ұйым мүшелерінің санын азайту, Парламентке жастарды тарту сықылды бастамалар өз жемісін береді деген ойдамыз.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың президенттік сайлау бағдарламасында, сондай-ақ, былтырғы Жолдауда көрініс тапқан әлеуметтік әділеттілік қағидасы қоғам өмірінде нақты көрініс тапты. Атаулы әлеуметтік көмек *(АӘК)* пен пандемия кезінде *берілген ақшалай жәрдем (42500 теңге)* мемлекеттің қандай жағдай болмасын, өз азаматтарына қол ұшын созып, қамқорлық танытатынын паш етті. Көмекке зәру жандарды қолдау барысы, әсіресе, АӘК жүйесін жетілдіре түсу, тиісті мекемелердің жауапкершілігін арттыру, жемқорлық пен көзбояушылыққа жол бермеу секілді көкейкесті міндеттер тұрғанын қаперге салды. Сондай-ақ «бес саусақ бірдей емес» дегендей, қоғамның кейбір бөлігінде оңай жолмен ақша алу үшін небір алаяқтық әрекеттен тайынбайтындардың табылатынын да көрсетті. Жалпы, қит етсе, «мемлекет асырауы тиіс» дейтін қол-аяғы балғадай, он екі

де кәсіпкерлерге демеу болды. Компанияларда жұмыс орнының сақталуына күш салды.

Жер-жаһанды әлекке салған коронавирус кеселі тауар мен бұйымның, азық-түліктің түр-түрімен өзін-өзі қамтамасыз ететін елдің қиындыққа қынбайтынын дәлелдеді. Медицина құрал-жабдығы мен дәрі-дәрмек өндірісі өміршен мәселе екені айқын көрінді. Міне, сондықтан алдағы Жолдаудан туындайтын міндеттер арасында отандық өнім өндірісіне басымдық берілсе, құба-құп. Бұл ретте бірер жыл бұрын қолға алынған қарапайым заттар экономикасының болашағы зор. Тек біздегі бастайтын да тастайтын жартыкеш жобалардың кебін қимесін деңіз. Тәжжесел қолғап, бетперде, дәке секілді ең «қарапайым заттарды неге өзімізге жетерліктей неге өндірмеске?» дейтін байырғы сауалды тағы да көлденен тартты. Ендігі жерде жоспарлы, жүйелі түрде жұмыс істейтін кез келді. Эйтпесе, өндіруші емес, тұтынушы болып қалғанымыз қалған. Дәрі көптеп өндірілсе, ортадағы жылпос делдал мен алыпсатардың саудасы жүрмес еді.

Осы салада аяқтан тартатын тағы бір кесел бар. Ол — кенестік жүйеден қалған көрсеткішті қолдан өсіріп, қағаз жүзінде бәрі қатып тұратын әдемі ақпар беру. Соның кесірінен не жоба іске аспайды, не қазынадан бөлінген қыруар ақша қолды болады. Жалпы үкімет, Парламент және саяси партиялар, қоғамдастық тарапынан экономикаға бөлінген қаржының орнымен жұмсалудың қадағалайтын механизмді қалыптастыратын уақыт жеткен секілді.

Әрине, әлдебір сарапшылар жазып жүргендей, қара бұлтты төңдіре берудің жөні жоқ. Ел экономикасы шикізатқа көбірек иек артса да, өркендей түсудің іргетасын қалап алды. Елбасының тікелей бастамасымен Ұлттық қорды құрып, экспорт түсімінің бір бөлігін қиын

күндерге деп жинауы сәтті шешім болғанын қайталанып жатқан дағдарыстар дәлелдеп берді. Мұнай бағасы құлдыраған тұста отандық алтын өндірісі Ұлттық қор мен алтын-валюта резервінің бүйірі солмай, керісінше, тоқ болуына ықпал етті. «Көгілдір отынды» ел игілігіне жұмсауды көздейтін «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры желісінің іске қосылуы да жүзеге асқан айтулы жобалардың бірі. Атыраудағы жылына 500 мың тонна полипропилен өндіретін газ-химия кешені іске қосылған соң көршілерді аса бағалы өніммен қамтамасыз ететін қоры кәсіпорына айналады.

Жаһандану өрісі тарылып, халықаралық қоғамдастықтағы бұрынғы сенімді байланыстың көбесі сөгіліп жатқан қазіргі заманда ішкі ахуалы тұрақты, халқының береке-бірлігі қуатты, экономикасы мығым мемлекет қана қиындық атаулыға төтеп бере алады. Міне, осы қағидаттар жаңа Жолдауда көрініс табады деп үміттенеміз.

Срайыл СМАЙЫЛ




Фото: Интернет

мүшесі сау қайсыбір азаматтарды масылдық психологиядан арылту үшін үкіметтің «Балық берме, қармақ бер» қағидатын басшылыққа алып, еңбекке ынталандыруға мән бергені жөн секілді, біздіңше.

Мемлекет басшысының бастамасымен әлеуметтің тілегі мен лебізін билікке жеткізетін Ұлттық қоғамдық сенім жөніндегі кеңестің құрылуы да бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Кеңес қызметін бұдан да тиімдірек ету мақсатында, біздіңше, оның құрамына қазіргі сарапшы, зангер және журналистерге қоса медицина, білім мамандары, бизнес *(шағын және орта)* пен шаруа қожалығы, жастар өкілдерін көбірек тартқан жөн секілді. Өйткені олар сол ортадағы шешімін күткен түйін мен қордаланған түйткілді басқалардан гөрі жақсырақ біледі.

Мемлекет басшысы былтырғы Жолдауда экономиканың бөломыртықасы іспеттес шағын және орта бизнесті қолдауға айрықша мән берді. Жыл басынан бері олар салықтың кейбір түрінен босатылды. Үкімет карантин кезінде



Нұр-Сұлтанда мониторинг тобы «СК-Фармация» қоймасына кіре алмады



1+2

Ерлан СЫДЫҚОВ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры:

«Болашақ журналистің ұстаханасы – аудитория немесе университеттің іші емес, бұқаралық ақпарат құралдарының қайнаған ортасы. Мысалы, «Қазмедиа» орталығында әр телеарна мен радио арнада журналистика кафедраларының филиалын ашу – ең алдымен осы ақпарат мекемелеріне керек. Студенттер сол жерде жүруі керек. Сол кезде ғана олар журналистік цехты сезініп, ақпарат дайындау машығын меңгереді».

Әлеумет.т⁰

ЕҢБЕКПЕН НАН ТАБУ ДА ӨНЕР

Инстаграм әлеуметтік желісіне тіркелгем ғой. Әншілер мен әртістердің парақшасына топ ете түстім. Карантин басталып, тойға тыйым салынғалы көгілдір экран «жұлдыздардан» демалып қалғандай еді. Сөйтсем, әлгі кісілердің бәрі инста-әлемге көшіп кетіпті.

Індет байға қанағат, кедейге сабыр қылуды үйретті деп жүр ғой біреулер. Сол рас-ау деймін, ковид келгелі әншілер табан ет, маңдай термен ақша табуға көшкендей. Қоғам белсендісі Ахметбек Нұрсила өнерде жүрген қыз-жігіттерді шырылдауық шегірткеге тенегені есімізде. Тойдан-тойға барып, секіріп билеп, фонограммалармен аузын жыбырлатып, бір түнде бірнеше мың доллар табатын «жұлдыздарды» еңбекпен нан табуға шақырғандай. Намыстарына тигендей болғанымен, сөзінің жаны бар. Түсінген кісіге Ахметбектің айтқаны жанашырлықтан туған тенеу.

Індеттің жақсысы жоқ қой. Бірақ осы жолғысы өнерде жүрген қыз-жігіттерді тәтті ұйқысынан шошытып оятып, аспандағы жұлдыз кейіптерінен жерге түсіргендей. Көбі тәубесіне келді, үнемішілікті үйренді деп жүр. Үнемі той бола бермейтінін, фонограмманың азық болмайтынын ұғынған шығар? Сөзімізге дәлел келтірейік. Кейбір әнші-әртістер қоражай салып, мал бағып кетіпті. «Жігіттер» тобының әншісі Бағлан астындағы темір тұлпарын жылқыға айырбастаған. Қазір Алматының шетінде бие байлап, қымыз сатып отыр. Өмірқұл Айнияз да Алатаудың етегінен кең қоныс алып, мал ұстауға кірісіпті. «Өмір» деген студиям бар еді, енді «Өмір» шаруа қожалығын ашып жатырмын» дейді. Кеше ғана инстаграмда Әділ Сламхан да үлкен қора салып жатқанын жариялады. Қарап тұрсаңыз, күні кеше ғана сахнаның гүлі болып жүрген «жұлдыздар», енді мал бағудан бәсекеге түскендей. Дәстүрлі әнші Қазбек Әдікеев алажаздай әлеуметтік желіде Жанарқаның қымызын сатты. Енді Түркияда өндірілген ешкінің майын жарнамалап жатқанын көріп, қуанып қалдық.Ал Алтынай Жорабаева былтырдан бері әлеуметтік желі арқылы әртүрлі ұтыс-ойын ойнатаып жүр. Механизмін түсінбеген соң, одан қалай ақша табатынын айта алмаймыз. Әнші кейде инстаграмда түрлі өнімді жарнамалап жатады. Парақшасында 3 млн «оқырманы» бар адамның жарнамасы тегін болмайтыны енді түсінікті. Бұл да кәсіп. Алайда атағын малданып алаяқтық іске шатылып жатқандары да жоқ емес...

Біз ешкімді кемсітіп, мұқатып отырған жоқпыз. Қайта ел алдында жүрген өнерпаздардың еңбекпен нан тапқанын көпке үлгі етіп отырмыз. Сол үшін бірнеше адамға ғана тоқталдық. Эйтпесе, бұрын халықтың қазынасы саналған тойдан тиын тапқандардың бәрі осы күні бір-бір кәсіптің құлағын ұстай бастапты. Қайсыбірін айтайық, әркім бейіміне қарай табан ет, маңдай терімен ақша табуды үйрене бастағанына біз де қуандық!

Әлеуметтік желінің бір кемшілігі — әлгі «жұлдыздар» ішкен-жегенін, сатып алған киімін, қыдырған жеріне дейін салып отырады екен. Онысы кімге керек дейсіз ғой? Сөйтсек, оның да қажеті бар екен. «Оқырман» тарту үшін басқа несін көрсетеді? Біреудің ішкен-жегенін тамашалап отыратындарды оқырман деген әдемі сөзбен өрлеуге аузымыз бармады. Сондықтан «Оқырманды» тырнақшамен қамап тастауға мәжбүр болдық.

Бұрын әншілер сахнада ән айтуды өнер деп түсінетін. Енді олар еңбекпен нан табудың да үлкен өнер екенін ұғынған шығар?



Жарас КЕМЕЛЖАН

Аптаның айтары

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Алматы қаласының әкімі:



«Бүгінге дейін 5000-нан астам тексеру жүргіздік. Жеке және заңды тұлғаларға 400-ден аса айыппұл салынды. Әкімдік, СЭС, полиция және «Нұр Отан» партиясы тарапынан тексеру жүріп жатыр. Әр клубты аңду мүмкін емес, бірақ жұмыс жалғасады. Барлық нормаларды бұзған жағдайда тиісті қызмет мекемелері электр жарығы мен суды өшіреді. Айтқан сөзді түсінбесе, біз осындай қадамға баруға мәжбүрміз».

Мәселе

(Басы 1-бетте)

Үй иесі
Лилияның
айтуына

карағанда, қайынатасы Хамберд ақсақал өмірден өтерде аманат етсе керек. Аталары 1944 жылдың дәл 23 ақпан күні атамекеннен күштеп көшірілген. Бурабай баурайындағы шокжұлдыздай шағын ғана ауылдағы қазақтардың көмегімен аштықтың аранынан аман қалыпты. Кейін сол жақсылығын өтейін деп ұрпағына тапсырса керек. Ал бұлар ұзақ ойланған. Жалқы емес, жалпы жұртқа қалай көмектеспек? Санамен сараптаса, Көкшетауға қажеті өзге емес, таза су екен.

Лилия мен Руслан Тунгоевтар 1995 жылы Қанай би көшесіндегі осы үйді неміс отбасынан сатып алған. Жөндеген, сырлап-сылаған. Скважина қаздырған. Сәтін салғанда 40 метрден астам тереңдіктен шыққан су тап-таза. Сараптамадан өткізген. Содан соң

қаласына қажетті ауыз су алынады. Жазда да судың тазалығы күмәнді. Қала халқы жаз айларында Шағалалы өзенінің бойында суға түсіп, дем алады. Тіпті көліктерін жуып, иттерін шомылдырады. Су қоймасына қажетті көлем осы Шағалалы өзенінен жиналады. Енді тазалық туралы тіс жарып бірден айта аласыз ба?

Су қоймасындағы суды тазалайтын стансаның жағдайын жоғарыда айттық. Енді су құрамын станса толық тазарта алмағаннан кейін қосылатын хлор мөлшері көбейтіледі. Ал хлор адам ағзасына қаншалықты қауіпті екендігі айтпаса да түсінікті. Бәлкім, қала тұрғындарының түрлі ауруларға көп шалдығу себебі де осындай жатқан жоқ па екен. «Ауру астан» деген сөзді халық тегін айтпаған шығар.

Екінші су көзі Есіл өзенінің Сергеев тоспа су қоймасы арқылы келеді. Ол суды да жанағы әбден ескірген станса тазалайды. 2011 жылы «Су желілерін, тазарту құрылғыларын

КӨКШЕДЕ



КІР ЖУЫП, ИТ ШОМЫЛҒАН СУДЫ КІМ ІШЕДІ...

әкенің аманатына орай үй орамынан құбыр арқылы шығарып, келген жұрт алатындай етіп орнатып тастаған. Маңайы көлденең жатқан бір тал бұрау жоқ, айнадай тап-таза. Әуелі иен тегін суды көрші-қолан алған. Кейін одан қала жұртшылығы түгелге жуық құлақтанған. Ауыз судың азабын тартып отырған жұрт дүмеп келе бастаған. Жай адамдар да, түрлі мекемелерден де.

Қала тұрғыны Нұрлан Алпысбаев: «Су құбыры арқылы келетін су сапасы күмәнді болған соң осы жерден аламыз. Кейде 2-3 сағаттық кезек пайда болады. Амал жоқ, тосамыз қысты күні үздіксіз ағып тұрмаған соң, құбыры қатып та қалады. Оны үйге кіргізіп жібітіп, әуреге түсіп жатқандары», — дейді.

Бір отбасының бүкіл қала жұртшылығына шарапаты тиіп тұр. Көкшетауда жыл аралатып ауысып жататын өкімдер осындай аманат айтып кетпеген екен деп ойлайсың кейде.

Облыс орталығының іргесіндегі әуел баста тәулігіне 21 мың текше метр суды тазалауға қуаты жетеді деп есептелінген жалғыз станса сонау 1970 жылы пайдалануға берілген. 1986 жылы арнайы комиссия стансадағы жабдықтардың ескіруіне байланысты

жаңғыртып, кеңейту арқылы тәулігіне 60 мың текше метр су өткізуге жеткізу» жобасы бойынша жана су тазалау қондырғысының құрылысы басталды. Тапсырыс беруші — Көкшетау қалалық әкімдігінің құрылыс бөлімі. Жұмысты қолға алған AEGISinc жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Мемлекеттік сатып алу келісімшарты бойынша 1,623 миллиард теңгенің келісімшарты жасалды. Әйтсе де, 2011 жылы 538,1 миллион теңге ғана игерілді. Мердігер ұйым құрылыс жұмысын бастап, шехтын, зертхананың бірлі-жарым ғимараттарын жарым-жартылай ғана көтерді. Бірақ жұмыс алға баспады. 2012 жылы қалалық сот аталмыш конкурс жүзеге асырылмады деген шешім шығарды. 2012-2013 жылдары қайтадан өткізілген конкурсте нәтижесінде «АП Импекс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жеңімпаз болып танылды. Бұл серіктестік 2013 жылы 181,24 миллион теңгені игерді. Осы арада құрылыс жұмыстарының және құрылғыға қажетті техникалық жабдықтардың құны өсіп кетті де, жана станса салу жұмысы тоқтап қалды. Бастапқы қаржының 719,390 мың теңгесі ғана игерілді. 2014 жылы «Көкшетау қаласындағы су желілері тазарту құрылғысын тәулігіне 30 мың текше метр қуатқа жететіндей етіп жаңғырту және кеңейту» жобасына сәйкес, мемлекеттік сараптамаының қорытындысы алынды. Жобаның құны 2014 жылғы бағамен 2 397,7 миллион теңге болып белгіленді. Бірақ бұл жобадан да нәтиже шықпады.

Қазіргі күні облыс орталығындағы 343,90 шақырымды құрайтын су желілерінің 40,9 проценті әбден ескірген. Су құбырлары жиі жарылады. Үстіміздегі жылдың ақпан айының 5-і күні үлкен апат болып, қаланың біраз бөлігі бір тәулік бойы сусыз қалды. Жалпы көлемі 270 метрді құрайтын су құбыры

істен шықты. Себебі 1961 жылы пайдалануға берілгендіктен, тозығы жеткен. 19 көпқабатты тұрғын үй мен «Таңдау» мектеп-гимназиясы сусыз қалды. Мұндай апаттар ауық-ауық орын алып тұрады.

«Біз қазір тұрғындарға су сатудан түскен қаржының есебінен ғана жұмыс істеудеміз. Алдымыздағы бес жылдың ішінде өз қаржымыздың есебінен 9,790 шақырым құбырды жөндеу межеленіп отыр. Бұл учаскеде су желілері әбден тозып біткендіктен, апат жиі болады. Түгел жаңғырта алмағанымызбен, ішінара жөндеудің өзіне 192 240 430 теңге қажет», — дейді кәсіпорын директоры Ермек Өмірғалиев.

Ақмола облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі департаментіне «Құбыр арқылы келетін ауыз су ішуге жарамды ма, жоқ па?» деген сауал жолдалық. Департаменттің бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жөніндегі қызметкері Марат Шоқаев сырғытпа жауап жолдады. Онда құбыр арқылы келетін судың тәулігіне неше рет тексерілетінінен басқа еш мәлімет жоқ. Су сапасына күмәнді қала халқы болса, нешеме жылдан бері ауыз суды дүкеннен сатып алып ішіп отыр. Әйтеуір, орталықтандырылған су жүйесіне күдік көп. Көкшетаудың қолы жеткен көп кісісі ауыз суды тасымалдап ішеді. Қала ішіндегі 2-3 скважинадан, қала сыртындағы қосалқы шаруашылық деп аталатын елді мекеннің іргесіндегі бұлақтан.

Бәйкен КӨБЕЕВ,
Көкшетау қаласы

QOƆAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

(Басы 1-бетте)

Нұртай СӘБИЯНОВ, *Парламент мәжілісінің депутаты:*

ШҚО-да: 400 ауылда интернет, 300 ауылда ауыз су ЖОҚ

Жедел сұхбат

ПЦР анализатор Өскемен мен Семей, Риддер, Алтай, Ақжар мен Ақтоғайда ғана бар екен. Қалған аудан-қалаларда жоқ. Сонда ковидпен ауырған басқа аудан тұрғындары өзінің вирус жұқтырған-жұқтырмағанын қалай анықтайды? Зертхана іздеп жүргенде басқа адамдарға жұқтырмасына кім кепіл? Одан кейін, ШҚО бойынша өкпені жасанды демалдыратын ИВЛ аппаратының 196 данасы ғана бар болып шықты. Ал қажеттілік 600-700 аппаратқа дейін жетеді. Міне, осыдан-ақ індетке шығыстықтардың дайын еместігін көруге болады. Дәрі-дәрмектің тапшылығы маусым, шілде, тамыз айларында қатты байқалған. Қазір қалыпқа келе бастапты. Төсек орын тапшылығы да өткен айларда қат болғаны айтылды.

Індет барлық өңірде көп қажеттіліктің бетін ашты. Айталық, дәрігерлерге жағдай жасау, баспанамен қамтамасыз ету, еңбекақысын көтеру деген сияқты мәселелермен бетпе-бет келдік. Жалпы, медицина саласында көптеген реформа қажет екенін сездірді. Дәрі-дәрмек, құрал-жабдық, дәрігер мамандардың жетіспеушілігі айқын

ШҚО бойынша 13 ауданда компьютерлік томография жоқ екен. Көптеген елді мекендердегі жедел жәрдем көлігінің 50 пайызы ескі, тозған. Тіпті көбісі өткен ғасырда шығарылған көліктер.



аңғарылды. Осыларды жедел шешпей халық денсаулығын жақсартпаймыз.

Жас qazaq: Ал халықтың күнкөрісі, жұмыспен қамтылуы, жаңа кәсіпке мамандануы сияқты әлеуметтік мәселелер алдыныздан шыққан жоқ па?

Н.Сәбилянов: Жұмыспен қамту бойынша мәселе шаш етекпен. Облысқа жұмыспен қамту бағдарламасын жүзеге асыруға 77 млрд теңге бөлінді. Осы қаражат мектептерді жөндеуге, аурухананың жөндеу жұмысына, жол салуға, мәдениет үйлерін жөндеуге, сол арқылы тұрғындарды жұмыспен қамтуға бағытталған.

Жас qazaq: Туған жеріңіз Семей өңіріндегі кейбір әлеуметтік мәселелерді біз де өз көзімізбен көрген едік. Мәселен, кеңес үкіметінен кейін бірде-бір рет жөндеу көрмеген жол, тозығы жеткен мектеп, тоқал үйлер, ауыз суы жоқ ауылдар. Әлі сол күйінде ме?

Н.Сәбилянов: Шығыс Қазақстан облысы бойынша 300 ауылда таза ауыз су жоқ. Ауыз су мәселесі бойынша жыл сайын әртүрлі бағдарлама жасалып, миллиардтаған ақша бөлінеді. Бірақ қаражат бөлінген, сумен қамтамасыз ететін мекемелердің жасаған жұмысы өте сапасыз, құрылыс материалдары нашар. Соның кесірінен, ақша бөлініп жасалған көптеген ауыз су нысандары жұмыс істемей тұр. *Тіпті кейбір ауылдардың ауыз су мәселесін шешуге бөлінген қаражат талап-таратпаға түсіп кеткен.*

Мысалы, Аягөз ауданында ауыз сумен қамтамасыз ететін 5 жобаның ақшасы түйсіз жұмсалған. Олар — Аягөз, Мыңбұлақ, Қона ауылдары. Соның кесірінен тұрғындар әлі күнге дейін таза су іше алмай отыр. Үржар ауданындағы Шолпан ауылы, Күршімдегі Боран ауылы, Тарбағатайдағы Тұғыл ауылдарының тұрғындары таза ауыз суға жете алмауда. Олардың бәріне қаражат бөлінген, бірақ таза су жоқ. Елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асып жатыр. Бар жобаларға бюджеттен қаражат бөлінуде. Бұл мәселені біз бақылауда ұстап, қажетті қаражатты бөлуге ұсыныс жасап отырамыз. Бірақ...



Жол мәселесіне келсек, шығыс өңірдегі ең күрделі мәселенің бірі осы жол. Семей — Қайнар жолымен жүріп өттім. Жалпы ұзындығы 280 шақырым, республикалық маңызы бар күрежолдың бірі. Жөнделіп жатыр екен, бірақ әлі де кейбір бөліктерінің тозығы жеткен. Малғелді — Баршатас — Аягөз — Тарбағатай жолымен де жүріп өттім. Оның да 40-50 шықырымы ойлы-шұңқыр. Ауыл мен ауыл арасындағы жолдар түглігі, аудан мен қала арасындағы жолдардың сапасын айтудың өзі ұят. Мысалы, Қарауыл мен Аягөз арасындағы тасжолдан бүйрегің түсіп қалады, 50 шақырымы өте нашар. Ал облыс аралық үлкен жолдардан Өскемен — Талдықорған тасжолымен жүрдім. Екі жыл болса да жұмыс баяу жүрде. Жолаушылар, жүргізушілер осы жолды тезірек, сапалы бітірсе деген ұсынысын айтуда. Бұл жол туралы қанша жылдан бері айтылып, жазылып келе жатқанын жұрт жақсы біледі.

Жас qazaq: Жолы жоқ ауылда интернеттің болмайтыны анық әңгіме. Оқушылар онлайн оқуға қалай дайындалып жатыр? Оқулық жете ме екен? Тегін таратылатын 500 компьютерден жерлестеріңізге үлес тиіп пе?

Н.Сәбилянов: ШҚО бойынша 400 ауыл жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілмеген. Оны жасырып-жабудың, білім министріне жалған ақпарат берудің қажеті қанша? Кейбір елді мекендерде интернет бар. Бірақ қазіргі талапқа сай емес. Жылдамдығы өте нашар. Сондықтан шығыс өңірде қашықтан оқу мәселесі өте өзекті болып тұр. Ауылдар мен ауылдық елді мекендерде интернет болмаса, оқушылар қалай онлайн білім алады? Өңірдегі ұстаздар қауымы оқушыларға дәстүрлі білім бергісі келетінін айтты. Ал сол ауылдарда тұратын студенттер ше?

Интернет болмаған соң, олардың да жағдайы қиын. Сондықтан қашықтан оқытуды интернет мәселесін шешіп алғаннан кейін ғана қолға алу керек деп ойлаймын. Ал әлгі тегін берілетін 500 мың компьютер мен планшетке тәуелді отбасылар бұл өңірде де өте көп. Білім министрлігі Алматы, Нұр-Сұлтан сияқты ірі қалалармен ғана шектелмей әр аудан, әр ауылда қанша мектеп бар, қанша бала мектепке барады, қай ауылдарда интернет жоқ, қанша оқушыға компьютер жетіспейді деген мәселелерді зерттеп, анықтауы керек. Олай

Шығыс Қазақстанда халық саны 500-ден асатын 7 ауылда мектеп жоқ. Одан басқа, көптеген білім шаңырақтары күрделі жөндеуді қажет етеді. 80 ауылдың мектебінде асхана жоқ. 100 білім ошағында спортзал жоқ.



болмаса, жалған есеп, көзбояушылықтың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Шығыс Қазақстанда халық саны 500-ден асатын 7 ауылда мектеп жоқ. Одан басқа, көптеген білім шаңырақтары күрделі жөндеуді қажет етеді. 80 ауылдың мектебінде асхана жоқ. 100 білім ошағында спортзал жоқ.

Жас qazaq: Тұрғын-үй мәселесі ше?

Н.Сәбилянов: Шығыс Қазақстанда халық саны 500-ден асатын 7 ауылда мектеп жоқ. Одан басқа, көптеген білім шаңырақтары күрделі жөндеуді қажет етеді. 80 ауылдың мектебінде асхана жоқ. 100 білім ошағында спортзал жоқ.

облысы бойынша тұрғын-үй кезегінде тұрған 33 мың адам бар. Бұл жан саны аз шығыстықтар үшін үлкен түйткіл. Тіпті шалғайдағы ауылдарда тұрғын үйге мұқтаж жастардың көптігін өз көзімнен көрдім. Біз Парламентте «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша ауыл, елді мекендерде үй салу туралы мәселе көтергенбіз. Сол бағдарлама бойынша қазір шығыста баспана салынып, тұрғын-үй түйінін шешуге аз да болса жұмыс жүріп жатыр.

Жас qazaq: Әңгіменізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

Кәсіп түбі – нәсіп

Қазақта «Ағаштан түйін түйген» деген керемет теңеу бар. Бұл сөз кез келген жанға қарата айтыла салмайды. Он саусағынан өнер тамған нағыз

шеберлерге ғана осындай баға беріледі. Төзім мен жанкештілікті серік етіп, қарапайым ағашты әдемі бір дүниеге айналдыру нағыз шебердің ғана қолынан келеді. Қазіргі таңда қолөнердің түр-түрімен айналысып, өз ісін өркендетемін деушілерге кәсіп көп. Тек жоғарыда айтылған екі түрлі қасиетті жанына серік етсе болғаны.

Өңірімізде темірден түйін түйіп, тері илеп, ағаштан түрлі бұйымдар жасап жүрген шеберлер баршылық. Атын шығаруды, мақтап, мадақтауды сүймейтін, өзінің қарапайым ғана тірлігімен айналысып, ағайын-туыстың, ауылдастарының алғысын арқалап жүретін жандар көпке үлгі болуға тұрарлық.

Сондай шебердің бірі — Алматы облысы Кеген ауданының Жалаулы ауылында тұратын Ерболат Қыдырқожа. Ол көптен бергі арманын орындап, ауыл ішінен үй жиһаздарын жасайтын шағын цех құрды. Сонау 1998 жылдан басталған бұл игілікті істің сәтімен жүзеге асқанына, міне, түп-тура 22 жыл болыпты. Алғаш қолына сүргісін алып, қарапайым құрылғылармен көрші-қолаң мен

үйреніп, кәсіп ете алмайды. Бұл — атадан балаға берілетін ерекше қасиет. Ерболат Қыдырқожа Ұзынбұлақ ауылында дүниеге келген. Сондағы Ы. Көшкінов атындағы орта мектептің түлегі. Ресей жерінде әскери борышын өтеген. Мектеп қабырғасында жүрген кезінде зангер болсам деген арманы орындалмаса да, қазіргі жұмысына көңілі тоқ. Ерболаттың жұмыс орнын, жиһаз жасайтын цехын аралап

Қазір ұлт аспаптарын, оның ішінде домбыра жасаудың шебері. Қолынан шыққан қоңыр домбырасы сұранысқа ие. Дәнияр қондырғылардың да жұмысын жақсы меңгерген. Түрлі үй жиһазының жобасын жасайтын

әкеледі. Содан кейін сұраныс берген тұрғындардың бөлмесін өлшеп, соған орай ас бөлмесіне, жатын орнына, қонақ бөлмесіне қажетті үй жиһазын, үстел, орындық, төсек, тағы да басқа дүниелерді жасап, үйіне әкеліп орнатып

мақсатым көп. Жанадан үлкен үй тұрғызып, осы мекен-жайды үй жиһазын жасайтын үлкен цехқа айналдырсам деймін. Жанадан жиһаз жасайтын 6 құрылғы әкелінеді. Іргелі цехта аз дегенде 6–7 адам жұмыс



ҮЛКЕН ІС КІШКЕНТАЙ ҚАДАМНАН БАСТАЛАДЫ

ауылдастарына қарапайым үй жиһаздарын жасап жүрген Ерболаттың бүгінде бірнеше жұмыс бөлмесі бар. Аталған шеберханасында жиһаз жасауға қажетті электр қуатымен жұмыс істейтін құрал-жабдық, қондырғылар іске жарап тұр.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген мәтел дәл біздің кейіпкерге арналып айтылғандай. Қолөнер кез келгенге қона бермейді. Оны екінің бірі

көрдік. Бір жерде қажетті материал кесіліп, дайындалса, екінші жерде жиһаз құрастырылады. Үшінші орында сырланады. Ұлдары Дәнияр мен Бактияр — белді көмекшілері. «Шебердің қолы ортақ», «Ат тұяғын тай басар» демекші, Дәнияр да он саусағы өнерге толы жігіт. Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына қарасты өнер колледжінің музыкалық аспаптар жасайтын бөлімін бітіріп шығыпты.

білімді дизайнер. Әкесінің жүргізіп келе жатқан жұмысына кең тыныс ашып, үлкен көмек көрсетіп жүргеніне қуанып қалдық. Жаз маусымында сұраныс көп. Сол кезде Бауыржан Мұратұлы, Тұрар Тұрсынбайұлы секілді азаматтар көмектесіп тұрады.

Ерболат ауылдың бірнеше тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Биыл елудің бесеуіне келетін шебер үй жиһаздарына қажетті материалды сырттан

береді. Ерболаттың ағаш цехынан шығатын үй жиһаздарының бағасы да тартымды. Аудан орталығындағы жиһаз сататын дүкендердегі дүниелерден әлдеқайда арзан. Оның үстіне берік, сапалы, заманға лайық. Бір сөзбен айтқанда, Жалаулыдай шағын ауылда тұратын Ерболаттың үй жиһаздарына сұраныс жақсы.

Ойында жүрген жоспарын алға тартқан Ерболат: «Алға қойған

істейтін болады. Өнімдерімізді өткізетін бірнеше жерден арнайы орындар ашсақ, жұмысымыз одан сайын жақсара түседі», — дейді.

Ауылда заманға лайық, сәнді де салтанатты, көз тартар көрікті үй жиһаздарын жасайтын Ерболаттай іскер, еңбекқор, шебер қолды азаматқа аудан тарапынан қолдау қажет. Оған ұзақ мерзімді, қолайлы пайызбен несие алуына көмектесу керек. Ерболаттың игілікті ісін көзбен көргеннен кейінгі ішке түйген ойымыз осы болды. Өйткені ауылдың ішінен заманауи үй жиһазын жасап, шығарып жатқан цех жоқтың қасы. Біз Ерболат бастаған азаматтардың ісіне сәттілік тілеп аттандық.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Шағын және орта бизнес

Елімізде шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша мән беріледі. Жеке кәсібін дөңгелеткісі келгендерге арналған бағдарлама да баршылық. Оған қоса, қаржылық қолдау да ұмыт қалмаған. Соның арқасында шағын кәсіппен айналысатындардың қатары артып келеді.

ауданына қарайтын Бесағаш ауылдық округінің меншігіндегі Малайсары, Кербұлақ деп аталатын кең қоныстан 10 мың гектар жер алып, жұмысын бастапты. Кәсібін алғаш бастағанда қорасында аз ғана мал болған екен. Қазір онда төрт-түліктің бәрі бар. Дегенмен шаруа иесінің арқа сүйеп отырғаны — жылқы. Жылқы болғанда да қазақы жабы жылқының тұқымы. Етті, сүтті, қыстың аязына, жаздың ыстығына төзімді жергілікті тұқымның пайдасы көл-көсір болатынын бұрыннан білетін. Алғаш мал өсіре бастағанда, қылқұйрықтан бірнеше бас қана болса, осы күні жылқының өзі 2 мыңнан асып жығылады.

төліне, жүніне бөлек-бөлек мемлекеттік көмек алып отырғанын айтты. Жылқы мен түйеге ғана субсидия берілмейді. Соның өзінде шаруашылық жылына 30 миллион теңгеге дейін мемлекеттен қайтарымсыз жәрдем ақша алып, мал басын көбейтіп, тұқымын асылдандыруда.

дөнекерлеуші сияқты қосымша жұмыс істейтіндер тағы бар. Бәріне тұрақты еңбекақы төленеді. Одан бөлек, Алматының шетінде қожалыққа қарайтын мал бордақылау, мал соятын алаңы бар. Ол жерде шаруашылықтың малын бордақылап, сойып, қаладағы ет

СУБСИДИЯМЕН МАЛ ӨСІРГЕН



Өсіресе, қазақтың ата кәсібі — мал шаруашылығымен айналысатындардың саны көбеюде. Қазіргі шаруа қожалықтары мал бағуды сан-салалы кәсіпке айналдырды. Етін, сүтін, жүнін сатады. Мал басын өсіру, тұқымын асылдандыру үшін жеңілдетілген несие алады. Сонымен бірге қайтарымсыз субсидия тағы бар. Осындай мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек мал өсіремін деген шаруалардың жұмысын біршама жеңілдетті. Шығынын азайтып, пайдасын арттыруда.

Солардың бірі — Әсет Құралдиев. 2001 жылы «Нұрбеков АН» шаруа қожалығын құрған. Шаруа иесі Алматы облысының Талғар

бағыттағы ақ тоқал сиырдың санын мыңға жеткізіпті. Оған да субсидия алады. Одан кейін ойсылқара тұқымы. Әсет мырза түйе шаруашылығын шұбат үшін өсіріп, көбейтіп отырғанын жеткізді.

Мемлекеттен қой мен сиырға субсидия алып отырғанын айттық. Субсидия мал басын көбейту үшін ғана берілмейді. Мәселен, мемлекеттік көмек сиырдың төліне бір бөлек, тұқымын асылдандыруға тағы беріледі. Қой шаруашылығына да бірнеше түрлі субсидия қарастырылған. Айталық, қожалық иесі қойдың басын көбейтуге, тұқымын асылдандыруға,

«Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл-көсір» демекші, Әсет ағаның шаруашылығында ұсақ малдың тұяғы да аз емес. Бұрын бір қора қойы болса, қазір — бірнеше отар. Жалпы саны 15 мың тұяққа жеткен. Бәрі биязы жүнді ақ қой. Қойдың тұрқы шағын болғанымен, пайдасы көп. Жүні, еті ғана пұл емес, осы күні мемлекеттен ұсақ малға бірнеше түрлі субсидия төленеді. Оны алда айтамыз. Малсақ ағайынның өсіріп отырған мүйізді ірі қарасы да асыл тұқымды. Әулікөкөл деп аталатын етті

Шаруашылықтың негізгі мақсаты — Алматы облысы көлемінде мал тұқымын асылдандыру. Осы бағытта жыл сайын Әсет Құралдиевтың қожалығы басқа шаруаларға асыл тұқымды қошқар, бұқа сатады. Бұл бір жағынан бизнес. Екіншіден, мал тұқымын асылдандыруға қосып отырған көмегі.

Шаруа қожалығында елу-алпыс адам жұмыс істейді. Малшылардан бөлек, техника жүргізетін механизатор, тракторшы, шофер, elektrik,



базарларын табиғи, таза өніммен қамтамасыз етеді. Оған қоса, қожалық иесі қымызхана ашыпты. Қымыз, шұбат, құрт, май сатып, ұлттық ас мәзірін толықтыруға да өзіндік үлесін қосуда.

Айтпақшы, Әсет Құралдиев отар-отар қойын, табын-табын сиырын, үйір-үйір жылқысын мемлекеттен бір тиын несие алмай-ақ, мал басын көбейтіп алған. Қожалықтың жем-шөп, отын-суы сияқты ұсақ-түйек шығынын мемлекеттен алатын субсидиямен ғана жауып отыр. Біреулер үшін болмашы ғана субсидия Құралдиев шаруа қожалығының негізгі көмекшісіне айналған. Әсет мырзаның айтуынша, қожалықтың жылдық жалпы шығыны 60 миллион теңге болса, соның тең жартысын мемлекеттен алатын көмек ақшамен жабады.

Жарас
КЕМЕЛЖАН





Қылтузақ

(Басы 1-бетте)

Криптовалюта, биткоин секілді терминдердің біздің күнделікті лексиконға кіргеніне көп болмады. Цифрлық акшаның құны жыл сайын өсіп барады. Интернет желісінде ғана айналымға түсетін валютаға біздің елде де қызығатындар жетіп артылады. Ғаламторда биткоинге кез келген тауарды сатып аласыз. Ең қызығы, әлемде оның жұмысын қадағалайтын бірде-бір мекеме жоқ. Негізгі мәселе осында болып тұр. Ешбір банк бақыламаған қаржылық операция алаяқтық болып шықса ше? Фермасы бар майнерлер туралы естүіңіз бар ма? Ферма дегенде мал ұстайтын шаруашылық ойыңызда жылт еткен шығар. Жок, олай емес.

Бергінде Нұр-Сұлтан қаласындағы бір топ тұрғын алаяқтардың құрбаны болғандарын айтып, көмек сұрады. Олар майнингке қажет құрылғыны сатып алған. Майнинг дегеніміз — биткоиннің негізгі құралы.

Сондай майнерлердің бірін әлеуметтік желіден тауып, әңгімеге тарттық. Азамат Жабағин есімді жігіт өз фермасын құрыпты. Алғашында қор биржасында акция сатып алумен және сатумен айналысқан. «Биткоин болашағы одан да зор» деп түйген ол бір күнде майнер болып шыға келді. Ай сайынғы орташа табысы 200 мың теңге төңірегінде. Ол: «Майнинг» деген сөздің өзі ағылшын тілінен аударғанда қазу деген мағына береді. Көмір қазатын кеншінің қызметіне де ұқсатуға болады. Мәселен, мен біреуге бір биткоин жіберсем, оны екінші біреу криптографиялық код арқылы жазады. Ол интернетте жария болады. Сол арқылы майнер ақша табады. Осындай ферманы 5-6 картаға толтыруға мүмкіндік бар. Үйде қоссаңыз, жұмыс істей береді. Баптауын реттегеннен кейін онлайн әмияныңызға виртуалды ақша түсіп тұрады», — дейді.

Алайда Азаматтың айтқанына экономистер күмәнмен қарайды. Бізге мәселенің мән-жайын түсіндіріп берген

ҒАЛАМТОРДАҒЫ ФЕРМА НЕМЕСЕ МАЙНИНГ АЛАЯҚТАРЫ ДЕГЕН КІМДЕР?



Жүйедегі тұтынушылардың транзакциясын тексереді. Ол операцияны орындаушыларды майнерлер деп атайды. Елордада алданғандар сол құралды біреуге жалға беру арқылы мол пайдаға қарқ боламыз деп үміттенсе керек. Құрылғыға қажет қаржыны елімізде құйғанымен, ол пәле Гонконгта жұмыс істеп тұрған. Ақыр аяғында Mining Farm Astana фирмасының қожайыны Денис Булгаков кенттен ұшты-күйлі жок боп кетті. Қайтерін білмей қапа болғандар енді желге ұшқан ақшаны қалай қайтарарын білмей дал. Сондай алданғандардың бірі 57 жастағы Людмила Кангаш

жанайқайын баспасөз арқылы жеткізді. Ол бұл фирманың қызметіне ешқандай күдік болмағанын өкінішпен еске алады: «Майнингке ақша құю арқылы пайда табуға болатынын бір танысымнан естідім. Әсірелеп отырып түсіндіргеннен бе, бірден сендім. Ломбард, не болмаса қаржылық пирамида емес екеніне көзім жеткесін ойланбай тәуекелге бардым. Кейін тіпті ол құрылғыны қазіргі құнынан қымбатқа сатармын деп ойладым. Табыс табу үшін оны алдымен жалға беру керек. Фирма біздің майнинг құрылғымызды өзгерлерге жалға беруге, былайша айтқанда, ортадағы делдалдың қызметін атқарды. Бізге дивиденд төлейді. Бастапқыда миллион теңге құйдым. Алғашқы үш ай табыс түсіп тұрды. Одан сайын ақшамды еселеу үшін тағы да ірі сома салдым. Дивидендін енді аламын деп жатқанда компания директоры қашып кетті. Сорақысы сол, біз сатып алған құрылғы да жок болып шықты».

Бұл фирмаға тіркелген басқа да клиенттер осы кейіпкердің кезін киген. Қолдарында келісімшарт болғанымен, оның құқықтық тұрғыдан ешқандай күші жок екенін кейін біліпті. Булгаковпен бұлар соңғы рет бытыр байланысқа шыққан. Ол «Киевтен Қазақстанға ұшайын деп жатырмын» деп әңгімені жылы жапқан. Содан бері хабар жок. Біреулер Булгаковты Кавказдан көргенін айтыпты. Алданғандар өздерін тақырға отырғызған азамат сол жақта аты-жөнін өзгертіп тұрып жатуы мүмкін деп топшылайды. Тіпті Шешенстан Республикасының басшысы Рамзан Қадировтың блогына «көмек қолын созыңыз» деп жазған көрінеді. Жәбірленушілер Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментіне арызданыпты.

Майнингті алаяқтық жүйе деген пікірмен келіспейтіндер де бар. Осыдан пайда көріп жүргендердің уәжі осыған кеп саяды.



Алмат ТЫНЫКЕНОВ

Сарапшы Алмат Тыныкенов бұл салаға ақша (*инвестиция*) құю қауіпті екенін алға тартады. Оның пікірі мынадай: «Майнинг — қаржылық тәуекел құралы. Ол халықаралық нарықтың тербелісіне тәуелді. Ешқандай инвестициялық компания нақты кіріске кепілдік бере алмайды. Кейбіреулері арнайы сайт ашып, бірнеше пакет ұсынады. «Егер 3 мың доллар салым салсаң, жылдық пайыз 150» деген сынайды. Көбіне таныс-туысыңыз майнингке инвестиция құюға үгіттейді. Олардың өзі алаяқтардың торына түскеннен кейін осындай қадамға барады».

Биткоин нарығындағы майнингтің қыр-сырын зерттеп жүрген IT маманы Абылайхан Наурызбаев та өз ойымен бөлісті. Оның айтуынша, алдаудың екі түрі бар. Көбіне адамдардың бұл мәселеде жеткілікті сауаты болмағандықтан, алданғанына қақпанға түскенде бір-ақ көзі жетеді. Маманның айтуынша, бұлардың алғашқылары фейк-жарнама ақылы өз құрылғысын ұсынады. «Ақша жетпей тұр, ақша салсаң ферма ашып, көп биткоин жинап аламыз» деп ақша сұрайды. Пирамида секілді көп адам жинаған соң кеңсені жаба қояды. Енді біреулер «Құрылғыдан мол пайдаға кенелесін» деп өтірік үәдені үйіп-төгеді де, ең кемі бір жылға жалға береді. Бірақ бір жылда уәде етілгендей ақша табу мүмкін емес. «Ары қарай келісімшартты сөз» дейді. Ақшанызды алғыңыз келсе шектеу қояды. Бір жылға бір-ақ биткоин бере алады. Сатылмайтын биткоиндарды беруі мүмкін. Сосын істеп тұрған танымал сайттардың клонын, яғни көшірмесін істеп, мекен-жайын ұқсатып өзгертеді де клиент тартады. Олардың максаты — адамдардың ақшасын жинап алып, алдап кету. Қазір телефон арқылы майнинг жасауға арналған қосымшалар бар. Сол арқылы да алдайтындар көбейіп кеткен көрінеді.

Айналып келгенде, майнингке бас сұғып алданған адамдар өздерінен басқа ешкімді кінәлай алмайды. Өйткені оларды ешкім күштеп тіркеп, қаржысын тартып алмады. Бұл жерде оңай олжаға қарқ болған деген құлқын жарға жығып отыр. Сондықтан осы секілді ақша еселейтін ұйымдарға тіркелмес бұрын, жеті рет өлшеп, бір рет кескен жөн болар.

Аскарбек ҚАЗАНҒАП

Медициналық білім

Коронавирус адам жанын арашалап қалатын дәрігер мамандығының маңызын көрсетті. Оған қойылатын талапты да күшейтті. Бұл ретте дәрігерге өз білімі мен біліктілігін жетілдіру – көкейкесті міндет.

Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты – дәрігерлікті таңдаған жас маманның өрмен қарай дамуына, тәжірибесін шыңдауына мүмкіндік беретін орын. Мұнда дәрігерлердің білімін жетілдіруге жан-жақты жағдай жасалған. Бізге осы білім орталығы туралы институттағы жоғары білім алудан кейінгі және қосымша білім беру департаментінің басшысы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Сәуле Қасенова әңгімелеп берді.

Сәуле ҚАСЕНОВА:

САПАЛЫ МАМАН ДАЯРЛАУ – БАСТЫ НАЗАРДА



Jas qazaq: Сәуле Лайыкқызы, кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да денсаулық сақтау саласының мамандары тәжірибеден өтеді. Институт білім беру мен біліктілікті арттыруда қандай халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейді?

С.Касенова: Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-ның білім беру қызметі дәрігерлердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру түрінде жүргізіледі. КІА ҒЗИ резидентура арқылы ішкі аурулар саласындағы практикалық денсаулық сақтау кадрларын даярлауға арналған клиникалық база болып табылады. Мақсатымыз — сапалы маман даярлау. Функционалдық диагностика, кардиология, ішкі аурулар, эндоскопия, гастроэнтерология және гепатология курсы кафедраларының оқу процесін Жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру департаменті үйлестіреді. Кафедраларды профессор Александр Нерсесов, профессор Тайыр Нұрпейісов, профессор Венера Исраилова, доценттер Айсулу Мұсағалиева және Лаура Даниярова секілді белгілі ғалымдар басқарады. Ондаған жылдар бойы институтта дәрігер кадрларының (*әрі ғалым, әрі дәрігер, оқытушы*) еңбегі тиімді пайдаланылады, яғни «ғылым, клиника, білім беру» үшбірілігінің үлгісі жүзеге асырылады және дүниежүзілік денсаулық сақтаудағы кәсіби дамудың ең үздік стандартына мейлінше жақын болып табылады.

Jas qazaq: Қазір медицина қарқынды дамып, медициналық құрылғылар ұдайы жаңарып отырады. Институттың материалдық базасы жана құрылғылармен қаншалықты жабдықталған?

С.Касенова: Институт заманауи оқу құрал-жабдықтарымен (*муляждар, жаттығу құрылғылары,*

компьютерлік сынып, мультимедиалық проекторлар мен интерактивті тақталары бар дәріс оқу залы, конференц залдары) жарақталған. Практикалық дағдыларды меңгеру үшін 3 симуляция орталығы: жүрек-өкпе реанимациясы, интервенциялық кардиология және аритмология, сондай-ақ гибридік зертхана құрылды.

Jas qazaq: Бүгінгі жастардың медицина саласының мамандығын таңдауға деген сұранысы қандай?

С.Касенова: Қазіргі заманғы жастар дәрігер мамандығын саналы түрде таңдайды. Олар осы саладағы ең үздік мамандардан білім алғысы келеді.

Резиденттерге қатысты айтатын болсақ, егер 2019 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша бітірушілер саны 73 резидент болса, 2020 жылдың шілде айында 81 дәрігер резидентураны бітіріп, білім алды. Бұл бейінді мамандар: кардиологтар, эндокринологтар, гастроэнтерологтар, аллергологтар, нефрологтар мен анестезиолог-реаниматологтар. Еліміздің барлық өңірлеріндегі медицина ұйымдары осындай мамандарға мұқтаж. Жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру департаменті 2020 жылы еліміздің мемлекеттік медицина ұйымдарында резиденттердің орналастырылуын 100 пайызға қамтамасыз етті. Бұл еліміздің стационарлары мен медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету ұйымдарының қаншалықты бізде білім алатын резиденттерге мұқтаж екендігін дәлелдейді.

Jas qazaq: Жас маманның шетелдік медициналық орындарында тәжірибеден өтуі қарастырылған ба?

С.Касенова: 2019 жылдың тамыз айынан бастап институттың қызметкерлері Кризистерді зерттеу орталығы (*Литва, Калас қаласы*) бекіткен гибридік зертханаларда білім алады және практикалық дағдыларын шыңдайды. Сондай-ақ Новосибирск қаласындағы Е.Мешалкин атындағы Ұлттық медициналық зерттеу орталығының базасында біліктілігін арттырудан өтті.

Жас мамандар мен резидент дәрігерлер үшін білім алу циклы шеңберінде 2019-2020 жылдың 1 тоқсанында Германия, Австрия, Ресей, Литва елдеріндегі әріптестермен бірлесіп, бірнеше шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Jas qazaq: Коронавирус кеселі білікті әрі тәжірибелі медицина мамандарына сұраныс жоғары екенін көрсетті. Маман ретінде айтыңызшы, медициналық білімді жаңғырту бағытында әлі де не істеуіміз керек?

С.Касенова: Әлбетте, коронавирус кеселі денсаулық сақтау жүйесінде даму және жетілдіру жұмыстарын жалғастырудың маңыздылығын көрсетті. Бұл әлемдік медициналық қоғамдастықпен өзара іс-қимыл, басқа елдердің ғалымдары мен дәрігерлерімен тәжірибе алмасу, халыққа медициналық көмек көрсету саласында шешімдерді практикалық енгізу жолымен жүзеге асады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Үлгі

SK Volunteer Волонтерлер лигасының белсенділері көп қолданылатын 5000-нан астам қорғаныс бетпердесін Қарағанды, Павлодар, Шымкент, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының тұрғындарына таратты.

ЕРІКТІЛЕР ЕРЛЕДІ



Ерікті жастар адамдарды дүкендерден шыққан сәтте және көшеде қарсы алып, гигиена ережелерін еске түсіріп, бетперде таратты. Негізінен көшеде маскасыз жүрген зейнеткерлер мен балаларға ұстатты. Осы



орайда «Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығының HR-маманы Айгүл Смайылова: «Бұл біздің бастамамыз. Бірінші кезекте, біз азаматтарымызға алдын алу шараларын, жеке қауіпсіздікті және маска режимін сақтау қажеттігін еске салғымыз келді. Сол үшін бірнеше рет қолдануға болатын сапалы және көп реттік бетперделерді таңдадық», — деді.

Естеріңізге сала кетейік, SK Volunteer Волонтерлер лигасы «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының жігерлі қызметкерлері мен



ел азаматтарын біріктіреді. Volunteer.sknews.kz сайтында өтініш беру арқылы еліміздің кез келген азаматы волонтер бола алады.

Қор тобындағы волонтерлік төрт басты бағыт бойынша жүзеге асырылады: Қатқол көмекке мұқтаж адамдарға қамқорлық жасауды, Umit — қоғамдық волонтерлікті, Asylmuga — Қазақстан тарихын сақтауға жәрдемдесуді, Таза Kazakhstan — табиғатты сақтауға үлес қосуды көздейді.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

НАК «Центраудит-Казахстан» ЖШС Директоры
(МФЮ аудиторлық қызметпен айналысуға
мемлекеттік лицензиясы № 0000017,
1999 жылғы 27 желтоқсанда берілген)
В.В. Ралостовец
2020 жылғы 30 сәуір

«Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі Қазақ «Интертич» корпорациясы» АҚ Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Ескерту мен пікір

Біз «Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі Қазақ «Интертич» корпорациясы» АҚ (бұдан әрі – Кәсіпорын) 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланс, пайда мен шығындар туралы есеп, меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясаты негізгі қағидаларының қысқаша мазмұнын қосқанда қаржылық есептілікке берілген ескертпелермен қамтылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік .

Біздің пікіріміз бойынша, ұсынылып отырған қаржылық есептілік 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Кәсіпорынның қаржылық жағдайының бүкіл маңызды тұстарын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен қаржы қозғалысын шынайы көрсетеді (бұдан әрі – «ХКЕС»).

Пікір білдіру үшін негіздеме

2019 жылғы 31 желтоқсандағы компанияның қаржылық жағдайы туралы есебінде баланстық құны 450,000 мың тенге сатып алынған материалдық емес актив көрсетілген (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 511,500 мың теңге). Белсенді нарықтың болмауына байланысты, осы активтің әділ құнының жеткілікті аудиторлық дәлелін ала алмадық. Нәтижесінде біз осы активтер мен міндеттемелерді тану және кейіннен бағалау және, тиісінше, тұтастай алғанда қаржылық есептілікке қатысты кез-келген түзетулерді қажет ете алмайтындығын анықтау мүмкін болмады.

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес төменде «қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудитордың жауапкершілігі» атты бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлердің халықаралық этика стандарттары кеңесінің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес (бұдан әрі – БХЭСҚ) Қоғамға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз БХЭСҚ этика кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық. Біздің тарапымыздан алынған аудиторлық дәлелдер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады деп санаймыз.

Кәсіпорын басшылығының және корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғаларының жауапкершілігі

Кәсіпорын басшылығы осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленуіне және дұрыс ұсынылуына, жауапсыз іс-әрекеттер мен қателіктердің салдарынан маңызды бұрмалаулар қамтылмайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болып табылады.

Қаржылық есептілікті дайындауда Кәсіпорын басшылығы Кәсіпорынды таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген жағдайларды қоспағанда немесе оны таратудан не қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты басқа альтернативасы жоқ болған жағдайлы қоспағанда, Кәсіпорын өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігін бағалауға, үздіксізсіз қызметке жататын мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуына және қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде қаржылық есептілікті дайындауға жауапты.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Кәсіпорынның қаржылық есептілігінің дайындығын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептілігіне аудит жүргізу барысында аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жауапсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан елеулі бұрмалану қамтылмайтына ақылға сымалы (қисынды) сенімді болу және біздің пікіріміз қамтылған аудиторлық есептің басып шығарылуы. Ақылға қонымдалық (қисындылық) жоғары сенімділік деңгейін білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит кез келген жағдайда, елеулі бұрмалау болған кезде оны әрқашан анықтайтынына кепіл болып табылмайды. Бұрмалаулар жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер жекелей немесе жиынтығында осы қаржы есептілігі негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін болады деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде, біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сондай-ақ біз келесі іс-әрекеттерді орындаймыз:

- жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық шаралар әзірлеп жүргіземіз және өз пікірімізді білдіру үшін негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жауапсыз іс-әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмау тәуекелі қателер нәтижесінде елеулі бұрмалану тәуекеліне қарағанда жоғары болып табылады, себебі жауапсыз іс-әрекеттерге сөз байласу, жалғандық жасау, қасақана өткізу, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттер қамтылуы мүмкін.
- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатыңыз, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, аудитке маңызды бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- үздіксіз қызметтегі басшылықтың жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал аудиторлық дәлелдер негізінде – нәтижесінде Қоғамның өз қызметін үздіксіз жүргізуді жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күдік туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз аудиторлық есепте қаржылық есептілікте ақпараттың тиісті ашылуына назар аударуымыз қажет, ал егер мұндай ақпараттың ашықтығы болмаса, онда пікірімізді жаңғыртуымыз (модификациялауымыз) қажет. Біздің қорытындылар біздің аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Алайда, алдағы оқиғалар немесе жағдайлар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептілікті ақпаратты ашуды қосқанда, жалпы оның құрылымы мен мазмұнын ұсынулды, сондай-ақ қаржылық есептіліктің негізіне жататын операциялар мен оқиғалар олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ететіндей ұсынылғандығын бағалаймыз.

Біз Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара әрекет етуді жүзеге асырамыз, оларға басқа мәліметтерден бөлек, аудиттің жоспарланған мөлшері мен мерзімдері, сондай-ақ аудиттің қорытындылары бойынша елеулі ескертулер, соның ішінде аудит барысында анықталынатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты назарларына жеткіземіз.

Аудитор
(аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0000061, 2012 ж. 06 қаңтарда берілген.)

С.С. Сафронова

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғ., 19, «Нұрлы-Тау» павильон-орталығы,
1Б павильон, 301-302 кенсе

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚ «ИНТЕРТИЧ» КОРПОРАЦИСЫ» АҚ
2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕНГЕЛІКТЕРМЕН)

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

	Ескертпе*	31.12.2019 ж.	31.12.2018 ж.
Активтер			
Ақшалай қаражат	4	243,360	152,333
Банктердегі депозиттер	5	2,377,643	1,597,931
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы активтері	6	2,570,777	2,219,157
Кері репо келісімдері	7	-	419,119
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	8	1,750,096	624,842
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		-	49,988
Басқа активтер	9	1,105,726	497,893
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар		83,771	91,288
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	10	19,036	290,220
Негізгі құралдар	11	274,824	422,087
Материалдық емес активтер	12	450,263	512,040
Активтер жиынтығы		8,875,496	6,876,898
Міндеттеме			
Провизиялар		12,748	12,748
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	13	2,124,664	455,470
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақылары бойынша Резерв	14	2,043,426	1,526,523
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар бойынша резервтер	15	851,031	1,383,328
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	21	71,600	57,919
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		22,409	-
Басқа міндеттемелер	16	84,903	91,175
Міндеттемелер жиыны		5,210,781	3,527,163
Капитал			
Акционерлік капитал	17	2,860,000	2,860,000
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв	17	188,918	216,882
Резервтік капитал	17	3,357	1,531
Бөлінбеген пайда		612,440	271,322
Міндеттемелер жиыны		3,664,715	3,349,735
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы		8,875,496	6,876,898

* 5-32 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрағасы _____ Көгулов Б.Б.
Бас бухгалтер _____ Токеева А.А.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы

	Ескертпе*	2019 ж.	2018 ж.
Сақтандыру сыйлықақылары	18	8,745,298	6,675,320
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақыларының резервіндегі өзгеріс	18.14	(516,902)	(594,305)

SERPIN

D-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Еңбек сіңірілген сыйлықақылар		8,228,396	6,081,015
Сақтандыру төлемдері	18	(7,547,899)	(4,804,569)
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар және шығыстар бойынша резервтердегі өзгеріс	18	532,297	(594,376)
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар		(7,015,602)	(5,398,945)
Комиссиялық шығыстар	18	(344,770)	(369,531)
Сақтандыру қызметінен түскен табыс		868,024	312,539
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс	19	325,550	113,523
Бағамдық айырмадан таза шығын		(47,945)	569,442
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс		277,605	682,965
Жалпы әкімшілік шығыстар	20	(754,503)	(763,351)
Күмөнді борыштар бойынша резерв құру (қалпына келтіру)	4,8,9	(13,187)	(33,212)
Басқа операциялық кірістер, нетто		12,066	6,954
Операциялық шығыстар, нетто		(755,624)	(789,609)
Салық салынғанға дейінгі табыс		390,005	205,895
Табыс салығы бойынша шығыстар	21	(75,025)	(56,672)
Жыл ішіндегі таза пайда		314,980	149,223
Басқа толық кіріс			
Кірістер мен шығыстар туралы есепке кейіннен қайта жіктеле алмайтын баптар		-	-
Табыс салығын шегере отырып, негізгі құралдардың әділ құнын түзету		-	-
Жиынтық табыс		314,980	149,223

* 5-32 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрағасы _____ Көгулов Б.Б.
Бас бухгалтер _____ Токеева А.А.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы

	Ескертпе	2019 ж.	2018 ж.
Операциялық қызметтен ақша қаражаты			
Салық салынғанға дейінгі табыс		390,005	205,895
Түзету:			
Сақтандыру резервтеріндегі өзгеріс	18	(15,394)	1,188,681
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс	19	(325,550)	(113,523)
Бағамдық айырмадан іске асырылмаған пайда (залал)		45,071	(565,423)
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар		359,663	368,781
Тозу және амортизация	11,12	91,060	86,520
Күмөнді борыштар бойынша резерв құру (қалпына келтіру)	9,8	13,187	32,841
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуынан болған шығын		(351)	8,831
Басқа да түзетулер		-	518
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі ақша қаражатының қозғалысы		557,691	1,213,121
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің (ұлғаюы) азаюы		(1,129,682)	(106,296)
Өзге де активтерді ұлғайту		(574,561)	239,411
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстардың (ұлғаю) азаюы		(352,146)	(400,341)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешектің ұлғаюы (азаюы)		1,625,865	151,908
Өзге де міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы)		(12,903)	(553,354)
Операциялық қызметтен ақша ағындары		114,264	544,449
Алынған пайыздар		53,709	42,492
Төленген табыс салығы		(2,859)	(10,531)
Операциялық қызметтен таза ақша ағындары		165,114	576,410
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаты			
Банктердегі депозиттер бойынша таза түсім (істен шығу)		(781,496)	1,351,909
Кері репо операциялары бойынша таза түсім (істен шығу)		449,427	(313,191)
Қаржы активтерін сатып алу		(127,727)	(1,389,086)
Инвестициялық меншікті сатудан түсетін түсімдер	10	199,780	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу	10	-	(404,845)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(10,453)	(4,526)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		200,188	4,596
Инвестициялық қызметтен таза ақша ағындары		(70,281)	(755,143)
Қаржылық қызметтен ақша қаражаты			
Акциялар шығару	17	-	4,680
Төленген дивидендтер	17	-	(8,488)
Қаржылық қызметтен таза ақша ағындары		-	(3,808)
Ақша қаражатының таза ұлғаюы (азаюы)		94,833	(182,541)
Ақша қаражатына айырбас бағамының өзгеру әсері		(3,806)	41,599
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		152,333	293,275
Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		243,360	152,333

Ақшалай емес транзакциялар:
2018 ж Кәсіпорынның шығарылған жай акциялары бойынша акционерлердің 495,320 мың тенге мөлшеріндегі берешегі Кәсіпорынның дивидендтер бойынша берешегін төлеу есебіне есепке алынды.

* 5-32 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрағасы _____ Көгулов Б.Б.
Бас бухгалтер _____ Токеева А.А.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы

	Акционерлік капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	Резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2018 жылғы 1 қаңтарда	2,360,000	229,989	12,326	598,197	3,200,512
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	149,223	149,223
Жалпы кіріс	-	-	-	149,223	149,223
Орналас­ты­рыл­ған акциялар	500,000	-	-	-	500,000
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	(500,000)	(500,000)
Қайта бағалау амортизациясы	-	(13,107)	-	13,107	-
Резервтік капиталға аудару	-	-	(10,795)	10,795	-
2018 ж. 31 желтоқсанға	2,860,000	216,882	1,531	271,322	3,349,735
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	314,980	314,980
Жиынтық табыс	-	-	-	314,980	314,980
Қайта бағалау резервінің амортизациясы	-	(27,964)	-	27,964	-
Резервтік капиталдан аударым	-	-	1,826	(1,826)	-
2019 ж. 31 желтоқсанға	2,860,000	188,918	3,357	612,440	3,664,715

* 5-32 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрағасы _____ Көгулов Б.Б.
Бас бухгалтер _____ Токеева А.А.

Жасыл экономика

Жасыл экономика – қоршаған ортаны ластауға жол бермеудің бірден-бір жолы. Осы орайда біздің өлімізде жаңғыртпалы қуат көздерін пайдалану тұрақты түрде жүзеге асырылып келеді. Сондай жобаның бірі – Жамбыл облысына қарасты Жуалы ауданындағы Нұрлыкент ауылы маңында орналасқан «Бурное Solar-1» және «Бурное Solar-2» күн электр стансасы.

Аталған стансаның алғашқысы 2015 жылы іске қосылған. Күннен қуат өндіруді арттыру мақсатында 2018 жылы «Бурное Solar -2» стансасы іске қосылды. Жоба «Самұрық Қазына» АҚ мен британдық «Юнайтед Грин» компаниясының қолдауымен жүзеге асты.

«Бурное Solar-1» және «Бурное Solar-2» күн электр стансалары Шығыс Еуропа және Орталық Азиядағы ірі күн генерациясы нысандары қатарында. «Бурное Solar-2» жобасы ЕҚДБ-ның (*Еуропа қайта құру және даму банкі*) Қазақстандағы жасыл энергетиканы 200 млн долларға қаржыландыру кешенді бағдарламасы аясында іске асты. Мұндай нысанның салынуы



энергия ресурстары балансының 70 пайызы әлі көмір болып отырған елдің баламалы энергетиканы дамытуға бағыт алғандығын көрсетеді.

Бұған дейін іске қосылған «Бурное Solar-1» КЭС-тің (*күн электр стансасы*) қуаты 50 МВт-ты құрады. Осылайша, екі стансаның қуаты100 МВт-қа жетті.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Менің балалық шағым Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы Жаксылық ауылында, сол кездегі миллиондаған казактың балалары сияқты, кеңес үкіметінің тұсында өтті. Ата-анам — колхозда жұмыс істейтін қарапайым шаруа адамдары. Он баланы тәрбиелеп өсірген үлгілі отбасы. Мен он баланың ішінде жетіншімін. Балалық шағымыз ауылда өтті. Біз көбінесе доп, ләнгі ойнайтынбыз. Қазіргі балалар секілді телефон мен планшеттің алдында үніліп жатпадық. Ойын баласы болып ертелі-кеш далада ойнадық. Әкешіміз жұмысқа салып, шыңдалып өстік. Әсіресе, шөп шабу, тырмалау,


жинау, одан бөлек, малды суғару сияқты жұмыстарды істедік. Менің басқа балалардан ерекшелігім — футбол, волейбол сынды



— Кім боксқа қатысады? — деп сұрады.
— Мен қатысамын! — қуанғанымнан ауырғанымды ұмытып кеттім.

«Жоқ, мен Ермаханмын!»

Ермахан ЫБЫРАЙЫМОВ,
Олимпиада чемпионы,
Қазақстан Республикасына
еңбек сіңірген спорт шебері



ойындарды емін-еркін ойнадым. Спортқа деген қабілетім бала кезімнен байқалды. Өте белсенді болатынмын. Оны ата-анам да, мектепте оқып жүргенде дене шынықтырудан беретін мұғалімдер де байқаған. Кішкентай кезімнен бастап осы қабілетімді байқаған жаттықтырушыларым спортқа баули бастады.

Мен Тараз қаласындағы А.С.Макаренко атындағы мектеп-интернатта оқидым. Сол жерде жүріп бокспен шұғылдана бастадым. Алғашқы жаттықтырушым — Бағшар Қарсыбаев. Ол кісі спортқа деген икемімді байқаған соң:

— Ермахан, сен боксты тастама! Сен міндетті түрде чемпион боласың! — деп жігерлендіретін.

Біздің ауылда казактың саны басым болғандықтан, ауылда тұратын немістердің өзі казакша сөйлейтін. Орыс тіліне шорқақпыз. Алғаш рет қалаға келіп, бокспен айналысып жатқан сәтім есімде. Кезекті жаттығудың бірінде маған қарсылас ретінде орыс баласын шығарды. Екеуміз жудырықтасуымыз керек. Мен солақаймын. Кап-қара домалақ баламын. Әлгі орыс бала менен қорқып кетсе керек

— Ты что, левша? — дейді маған.

Мен «левшаның» не екенін білмеймін. Мынау маған, «Лешасың ба» деп тұр ма? Әлде басқа бірдене айтып тұр ма, ұқпаймын.

— Жоқ, мен Ермаханмын! — деймін оған.

Сол қолмен бірнеше жудырық жұмсап, мұрнын қанатып қойдым. Ол бала боксты сол күні-ақ тастап кетті.

Жазып алған Мақпал НОҒАЙБАЕВА

БАҒА
ЖҮРІҢІЗ:
ҚАЗАНАҚ

Дәрілік
өсімдік



Қазанақ (*Ledum*) — көкбұта тұқымдасына жататын мәңгі жасыл, ащы иісі бар өсімдік. Біздің елімізде тек Алтай тауының мүкті-батпақты жерінде, ылғалы мол қылтанды орманда өсетін саз қазанағы ғана бар.

Биіктігі — 40-100 см (*кейде 125*), қоңыр-көк қабықты. Жас бұтақшаларын қалың безді түк басқан. Ұсақ гүлдері ак, кейде қызғылт түсті болады. Олар бұтақ ұшына шоқталып, шоғырланып өседі. Мамыр-шілде айларында гүлдеп, тамызда жемісі піседі.

Қазанақ — дәрілік өсімдік. Құрамында өткір иісті эфир майы (*кетон мен леодолдан тұратын*) болады. Осы майдың аса күшті түршіктіргіш қасиеті бар. Теріге сіңген соң орталық жүйке жүйесін салдандырады. Қазанақтың шөбінен жасалған препаратты басқа да дәрілік өсімдіктермен қосып, қолқа демікпесін (*бронхит*), көкжөтел, шемен және ревматизм ауруларын емдеуге қолданады. Жапырағының ұнтағын немесе бұтағын киім арасына салып қойса, күйе түспейді.

(Дереккөзі: Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі «Самаурының қайнасын...» онлайн-көрмесін ұйымдастырды. Онда 50-ге тарта экспонат қойылған.

Кезінде сауда-саттықтың аркасында казак даласына келіп жеткенімен қоймай, әр үйдегі қажет бұйымға айналған самаурынның мұнша көп түрі барын кім білген? XIX—XX ғасырларда гүлсауыт, шар, цилиндр, тіпті рюмка түрінде жасалған самаурындар тандай қактырады. Ағайынды Шмериндер сауда үйінің фабрикалық маркасымен 30 литр су сыйып кететін самаурын, 1926 жылы Қарқара жәрменкесінде сатылған самаурын ең құнды жәдігер саналады.

«Самаурының қайнасын...»

БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін
оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген
«Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі
65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат

(Богенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дауір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2222;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air-Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VP00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.